

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 20 маусымдағы N 560 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы

1-бап. "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 23-24, 507-құжат; 1995 ж., N 23, 146-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 10, 56-құжат; N 23, 142-құжат) мынадай толықтыру мен өзгеріс енгізілсін:

1) 2-баптың алтыншы бөлігі ", сондай-ақ" деген сөзден кейін ", қалалық әкімшілік бағыныстың аумағындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 3-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) ауыл (село) - саны кемінде 50 адам, олардың ішінде ауыл, орман және аңшылық шаруашылығында, ара шаруашылығында, балық аулау шаруашылығында және балық өсірумен айналысатын шаруашылықта жұмыс істейтін қызметкерлер, олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандары халықтың кемінде жартысын құрайтын елді мекен;"

2-бап. Осы Заң 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті